ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 3 желтоқсан №1513-25-00-2/2912 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Кустанов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ROOSEVELT» Амангелдіқызы Аяулым

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

жеке кәсіпкер «ROOSEVELT» Амангелдіқызы Аяулым мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

жеке кәсіпкер «ROOSEVELT» Амангелдіқызы Аяулымнан мемлекет пайдасына 55 085 (елу бес мың сексен бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

жеке кәсіпкер «ROOSEVELT» Амангелдіқызы Аяулымнан жергілікті бюджетке 3 619 (үш мың алты жүз он тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья

Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 03.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.01.2026. Судья Кустанов Р. Б. 21.01.2026